

ТЖ ХАБАРЛАЙДЫ

Жылыту маусымында тұрмыстық пештер, электр жылытқыштар және газ жабдықтары жиі қолданылады. Бұл кезеңде өрт шығу қаупі едәуір артады. Өрттің алдын алу үшін төмендегі қарапайым ережелерді сақтау қажет.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Пешті пайдалану кезінде:

1. Пешті қолданар алдында мұржаны және түтін шығатын арналарды жөндеп, күйеден тазалау керек (көмінде 3 айда 1 рет).

2. Пешті жарылып кеткен немесе қаптамасы қираған күйде пайдалануға болмайды.

3. Пешті артық жүктемеумен жақпаңыз (тым көп отын салу қауіпті).

4. Пешті жаққаннан кейін 2-2,5 сағаттан соң отты өшіріп, тек шоқ қана қалғанын қадағалаңыз.

5. Пештің алдындағы еденге қалың металл табақ (50×70 см) орнатыңыз.

6. Пешті жаққанда жанғыш сұйықтықтарды (бензин, керосин және т.б.) қолдануға тыйым салынады.

7. Пешті бақылаусыз қалдыруға және балаларға тапсыруға болмайды.

Электр жылытқыштарды қолдану кезінде:

1. Зауытта жасалған, сапасы сертификатталған құралдарды ғана пайдаланыңыз.

2. Электр желісін жүктемемен артық пайдаланбаңыз — бір розеткаға бірнеше құралды қоспаңыз.

3. Қыздырғыштарды киім-кешек,

перде, жиһаздың жанына қоюға болмайды.

4. Электр жылытқышты жұмыс істеп тұрғанда үйден шықпаңыз, ұйықтар алдында міндетті түрде өшіріңіз.

Газбен жылыту кезінде:

1. Газ жабдықтарын маманның қа-тысуымен ғана орнатып, тексертіңіз.

2. Газ иісі сезілсе, бірден газ кранын жабыңыз, жарықты қоспаңыз, сіріңке жақпаңыз және жедел түрде 104 нөміріне хабарласыңыз.

Қатаң тыйым салынады:

1. Пешті немесе жылытқышты түнге қалдыруға.

2. Балаларға пешті жағуға немесе электр құралдарын пайдалануға рұқсат беруге.

3. Пештің үстіне жанып кетуі мүмкін заттарды қоюға.

4. Қатты жел немесе түтін тартпау кезінде пешті жағуға.

Есте сақтаңыз:

Өрт қауіпсіздігі — әр адамның жауапкершілігі. Қарапайым ережелерді сақтау арқылы сіз өз өміріңізді, отбасыңызды және мүлкіңізді қорғап қаласыз.

МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мұзға шығу кезінде ескерілетін талаптар:

• Мұздың қалыңдығы 10–12 см-ден кем болса, шығуға болмайды.

• Адамдар көп жиналған жерде мұз кем дегенде 15–20 см болуы қажет.

• Жаңа түскен көкшіл мұз — берік, ал ақбурыл, шавый мұз — әлсіз.

• Қар басқан мұзды қауіпті деп санау керек, астындағы жарықты көрмейсің.

Қай жерлер өте қауіпті

• Өзеннің ағысы қатты жерлері.

• Суы сәл ағып тұратын тұмшалар, құйылыстар, көпір астары.

• Қамыс өскен аймақтар.

• Жылы су тастайтын коллекторлар, су тазарту орындары.

Бұл жерлердің мұзы жұқа, астынан су қозғалады — опырылу қаупі өте жоғары.

Мұз үстінде өзін дұрыс алып жүру

• Ара қашықтықты 5–6 метр сақтап жүру.

• Жүгірмеу, секірмеу.

• Шананы, құралды артыңнан емес, жаныңнан сүйреу.

• Егер сықыр, жарық дыбысы шықса — жатып, жаймен кейін жылжу.

Жарықшақ немесе әлсіз мұзға тап болғанда

• Оқиға орнынан қимылдамай тұрып, жақын маңды қарап, ең берік бағытты таңда.

• Біртіндеп жатып алып, сырғанап қозғалу керек.

• Аяқ-қолды кең ашып, салмақты

үлкен аумаққа бөлу маңызды.

Мұз жарылып, суға түсіп кеткен жағдайда

• Ең бастысы — қорықпау, терең дем алмау.

• Қолды мұздың шетіне қойып, кеуде мен бір аяқты шығарып, «жатып сырғанау» әдісімен шығу.

• Денені жоғары көтермей, қарлығашша мұз үстіне сырғып шығу керек.

• Суықтан әлсіреген бойда тұрып жүруге болмайды, тек жатып, сырғанап қауіпсіз жерге жету қажет.

• Жағаға шыққаннан кейін тез жылы жерге бару, құрғақ киім кию, ыстық шай ішу.

Басқа адам суға түссе, көмектесу ережелері

• Жақындама! Тік тұрып барсаң, мұз тағы опырылып кетеді.

• Жатып алып, қол созбай, арқан, тақтай, сүйемел шанамен көмектесу.

• Мүмкіндігінше 5–7 метр қашықтан зат лақтыру.

• Адамды шығарғанда жатып, ақырын кері қарай сырғанау.

Балалар қауіпсіздігі

• Балаларды су айдынына жалғыз жіберуге болмайды.

• Ойын үшін мұзға түспеу керек, тек қауіпсіз аймақтарда ғана рұқсат.

• Қалталарына ысқырық салып жүру ұсынылады.

**Нұрсерік Орынбасар,
Баянауыл ауданы Төтенше
жағдайлар бөлімінің инженері**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Гамма Сарыколь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Гамма Сарыкөл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басқаратын Сарыкөл кенішінің қоршаған ортаға әсер етуіне экологиялық рұқсат алу туралы өтінішті талқылау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді. Координаттары: 51.208023, 75.773574.

Әсер етуі мүмкін аумақ және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: мекенжайы: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Шоптыкөл ауылдық округі, сондай-ақ Бірлік ауылдық округі.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 24 желтоқсанда сағат 11.00-де Шөптікөл ауылдық округі, Майкөбе ауылы (бұрынғы ОЭЖ (ЦЭС) ауылы), Жұмат Шанин көшесі, 4А құрылымы мекенжайы бойынша; 14:30-да Бірлік ауылдық округі, Бірлік с., Абай көшесі, 1 ғимарат мекенжайы бойынша өткізіледі.

Шөптікөл ауылының тұрғындарына қоғамдық тыңдауға қатысу үшін Шөптікөл ауылы, Жаяу Мұса көшесі, 3 корпус, кету уақыты 10:15 — Майкөбе ауылы (бұрынғы ОЭЖ ауылы), Жұмат Шанин көшесі, 4А корпусы — Шөптікөл ауылы, Жаяу Мұса көшесі, 3 корпус бағыты бойынша көлік қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық отырыс және бейнеконференция түрінде) өткізіледі.

Белсенді сілтеме (сілтеме ZOOM):

24 желтоқсан 2025ж 11:00 Астана, Алматы <https://us05web.zoom.us/j/8107635567?pwd=2vqCGz3liUVbvT68bUeRL4WF1nvalj.1&omn=83966181777>. Конференция идентификаторы: 810 763 5567; кіру коды: 3502750

24 желтоқсан 2025ж 14:30 Астана, Алматы Подключиться к конференции Zoom <https://us05web.zoom.us/j/8107635567?pwd=2vqCGz3liUVbvT68bUeRL4WF1nvalj.1&omn=82277644054> Конференция идентификаторы: 810 763 5567; кіру коды: 3502750

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Гамма Сарыкөл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; БСН 150940003056, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Абай көшесі, 95-үй; тел.: 87774608282, kireev-73@mail.ru.

Әзірлеуші: «Минералс Оперейтинг» ЖШС (лицензия 02190П 2020 жылғы 24 маусымда, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген, Нұр-Сұлтан қаласы); БСН 181140023496; заңды мекенжайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 65-ғимарат, пәтер. 55; нақты мекенжайы: Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі, 55/21, 164 кеңсе; телефон: 8 (7172) 24 72 80; Электрондық поштасы: info@moperating.kz.

Жобалық құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай мен телефондар бойынша алуға болады: Екібастұз қаласы, Қонаев көшесі, 15, 1-қабат, «Гамма Сарыколь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық бөлімі; kireev-73@mail.ru; тел: 8/7187/226911; 87774608282.

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша келесі телефондарға хабарласуға болады: 8/7187/ 226911; 87774608282.

Ұсыныстар мен ескертулер келесі мекенжайы бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Победа алаңы, 5Б; тел. +7 (7182) 32-16-81, e-mail: unosvr@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Гамма Сарыколь» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по пакету документов на получение экологического разрешения на воздействие для объекта разрез «Сарыкольский» ТОО «Гамма Сарыколь». Координаты: 51.208023, 75.773574.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: адрес Павлодарская область, Баянаульский район, Шоптыкольский с.о., а также Бирликский с.о.

Слушания состоятся 24 декабря 2025 г. в 11:00 по адресу Шоптыкольский с.о., с. Майкубе (бывший с. ЦЭС), улица Жумат Шанина, строение 4А; в 14:30 по адресу Бирликский с.о., с.Бирлик. улица Абая, строение 1.

Для жителей села Шоптыколь будет организован транспорт для участия в общественных слушаниях по маршруту с. Шоптыколь, ул. Жаяу Мусы, дом 3 отправка 10ч.:15мин — с. Майкубе (бывший с.ЦЭС) ул. Жумат Шанина, 4А — с. Шоптыколь, ул. Жаяу Мусы, дом 3.

Общественные слушания проводятся в смешанном формате (открытого собрания и видеоконференцсвязи).

Активная ссылка (ссылка ZOOM): Время: 24 дек. 2025 11:00 AM Астана, Алматы Подключиться к конференции Zoom <https://us05web.zoom.us/j/8107635567?pwd=2vqCGz3liUVbvT68bUeRL4WF1nvalj.1&omn=83966181777>. Идентификатор конференции: 810 763 5567; Код доступа: 3502750

Время: 24 дек. 2025 02:30 PM Астана, Алматы Подключиться к конференции Zoom <https://us05web.zoom.us/j/8107635567?pwd=2vqCGz3liUVbvT68bUeRL4WF1nvalj.1&omn=82277644054> Идентификатор конференции: 810 763 5567; Код доступа: 3502750

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Гамма Сарыколь»; БИН 150940003056, Павлодарская область, город Экибастуз, улица Абая, строение 95; тел: 87774608282, kireev-73@mail.ru.

Разработчик: ТОО «Minerals Operating» (лицензия 02190Р от 24.06.2020г., выдана РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан», г.Нур-Султан); БИН 181140023496; юридический адрес: г. Астана, проспект Улы Дала, дом 65, кв. 55; фактический адрес: г. Астана, ул. Мангилик ел, 55/21, офис 164; телефон: 8(7172) 24 72 80; Email: info@moperating.kz.

Документация по проекту размещена на <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить по адресу и по телефонам: г. Экибастуз, ул. Кунаева, 15, 1 этаж, тех.отдел ТОО «Гамма Сарыколь»; kireev-73@mail.ru; тел: 8/7187/ 226911; 87774608282.

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8/7187/ 226911; 87774608282.

Замечания и предложения принимаются по адресу: ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», г. Павлодар, площадь Победы, 5Б; тел. +7 (7182) 32-16-81, электронный адрес: unosvr@mail.ru.